

ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ
ОНЫ ТОЛЫҚ КУРСТА ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

哈萨克语言文学及其本科教学研究

——“2011全国哈萨克语言文学专业本科教学建设研讨会”论文集

张定京 穆合塔尔·阿布拉哈克 [哈]巴格丹·玛莫诺娃

主编

Жауапты редакторлар

Жаң Динжин Мұхтар Әбілқұллы [ҚР]Багдан Момынова



中央民族大学出版社

Оргалық ұлттар университеті баспасы

| | |
|--------------|-----|
| | 363 |
| | 369 |
| | 383 |
| 有效方法..... | 388 |
| 用新技术的方法..... | 394 |
| | 400 |
| | 408 |
| 文化..... | 417 |
| 长思考..... | 422 |
| | 426 |
| 其革新..... | 429 |
| | 436 |
| | 443 |
| | 452 |
| | 462 |
| | 464 |
| | 475 |

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|------|
| Алғы Сөз..... | 1 |
| Тіл туралы | |
| Қытайша | |
| 1 Жантас Алтайұлы Жакыпов | |
| Уқсамаған жіктегі синтаксистік құрылымдағы «мағына» туралы ойлар..... | 1 |
| 2 Лю Жау | |
| Түркі тілдеріндегі шақ және тұрпат категорияларына аз аял..... | 4 |
| 3 Бәтимә Бидоллақызы | |
| Көне түрк тіліндегі D дауыссызының өзгерісінен қалыптасқан қазақша төркіндес сөздер..... | 13 |
| 4 Төкен Қаканұлы | |
| Қазақ тіліндегі қос толықтауышты сөйлемдер туралы..... | 18 |
| 5 Уый Уый | |
| Қазақ тіліндегі сөйлемдердің өзекті мүшесінің екпіндік бейнесі.. | 22 |
| 6 Жоу Ян | |
| Қазақ тіліндегі септік жалғауларына диахроникалық талдау | 30 |
| Кириллше | |
| 7 Асылбек Тасымов | |
| Қазақ тіліндегі араб, парсы кірмелерінің игерілуіне байланысты туған ерекшеліктер..... | 41 |
| 8 Ақымбек С.Ш. | |
| Қазақ тіліндегі дыбыстардың жақ жағынан үндесуі..... | 46 |
| 9 Әлкебаева Д. | |
| Сөзтану саласының өзекті мәселелері..... | 55 ✓ |
| 10 Әлімтаева Л. | |
| Қазақ тіліндегі каузалдылық функционалды-семантикалық өрісі | 61 ✓ |
| 11 Әміров Ә.Ж. | |
| Баспасөз – термин қалыптастыруға әсер етуші маңызды факторлардың бірі..... | 68 |

а // Вопросы языкознания.

морфология, синтаксис.

—Алма-Ата: Наука, 1970.

СӨЗТАНУ САЛАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әлкебаева Дина

(ҚР әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақ филологиясы кафедрасының
профессоры, филология ғылымдарының докторы)

Сөзтану ғылымының негізгі нысаны – тіл арқылы қарым-қатынас жасаған адамдардың сөзі. Адам сөзі қарым-қатынас процесінде үздіксіз дамып, жетіліп отырады. Сөз дамып жетілу “әрекетінде” қоғамдық факторлардың әр түрлі себептерінен өзінің қажетін өтейтін, сұранысына жауап талап ететін түрлі кедергілерге ұшырайды, сөйтіп оның түрлі проблемалары туындайды.

Сөз терминін өткен ғасырдың 60-жылдарында лингвистика ғылымында қолдана бастаған. Сөз терминін алғаш рет функционалдық стилистиканың Пермь мектебінің өкілдері ұсынған болатын. Бұл термин ең алдымен жеке ғылыми мақалаларда, баяндамаларда сөз болып, кейіннен ғалымдардың қызығушылығын тудырып ғылыми-зерттеу нысандарына айнала бастады. Сөз, сөзтанудың теориялық-практикалық мәні ертеден қарастырылып жүргенмен, өзінің даму барысында толыққанды нысанының ғылыми-теориялық мәселелерін біртіндеп айқындауда.

Қазақ тіл ғылымында сөз мәдениетіне қатысты ауызша сөзді дұрыс дыбыстау, жазбаша мәтінде орфографиялық қателерді болдырмау, осыларға қатысты орфоэпиялық және орфографиялық ережелер жасау, анықтамалық құралдар шығару, сөз, сөйлемде грамматикалық қателіктерді болдырмау, синтаксистік құрылымдарды дұрыс құрау сияқты көптеген мәселелер сөз етілді. Алайда сөздің негізгі қарым-қатынас “әрекетіндегі” толып жатқан қыр-сыры, ең бастысы адамдық факторға қатысты мәселелері әлі толық айқындалған жоқ.

Сөз – сөзтану ғылымының нысаны. Сөзтану, сөз лингвистикасы қазақ тіл ғылымында жаңадан қалыптасуда. Сөз мәдениетіне арналып жазылған ғылыми еңбектердің тек тіл мәдениетіне ғана қатысты екенін айта кету керек. Көбінесе сөз мәдениеті туралы жазылған еңбектерде осы саланың басты көкейкесті мәселелері қарастырылғанмен, сөзтану ғылымына